



D. Serikbayev

**EAST
KAZAKHSTAN
TECHNICAL
UNIVERSITY**

Саясат


ТДМ №14

Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ



МАЗМҰНЫ

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
1.1 Мақсат	3
2 САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ	3
2.1 Ұсынылатын шаралар	5
3 КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР	6
4 ҚОРЫТЫНДЫЛАР	6



1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Мақсат



БҰҰ-ның №14 Тұрақты даму мақсаты – «Теңіз экожүйелерін сақтау» — мұхиттар, теңіздер мен жағалау ресурстарын қорғауға және оларды тұрақты дамуға бағытталған ұтымды пайдалануға арналған.

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті (бұдан әрі – Университет) континенттік аймақта орналасқанына қарамастан, экологиялық технологияларды дамыту, тұрақты су пайдалануды жетілдіру, су ресурстарын қорғау саласындағы ағарту жұмыстары және экология мен су ресурстары бағытында мамандар даярлау арқылы БҰҰ-ның №14 мақсатына өз үлесін қосуда.


Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ су экожүйелерін қорғау мен су ресурстарын ұтымды пайдаланудың тұрақты даму мен қоғамның әл-ауқаты үшін шешуші маңызға ие екенін мойындайды. Университет су нысандарына теріс әсерді азайтуға, биоалуантүрлілікті сақтауға және студенттер мен қызметкерлер арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған жүйелі шараларды жүзеге асыру міндетін өз мойнына алады.

Осы Саясат Университеттің БҰҰ-ның №14 Тұрақты даму мақсатына қосқан үлесі бойынша мақсаттарын, міндеттері мен басым бағыттарын, сондай-ақ оларды іске асыруға жауапты құрылымдық бөлімшелердің міндеттерін айқындайды.

2. САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Бағыт	Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ
Білім беру және ғылыми-зерттеу қызметі	Білім беру бағдарламалары: бакалавриат – «6B08601 – Су ресурстары және суды пайдалану», магистратура – «7M07310 – Сүмен қамту және канализация». ШҚТУ жанындағы су ресурстарын басқару және пайдалану саласындағы Құзыреттер мен технологиялар трансфері орталығының ғылыми-техникалық әлеуетін су экожүйелері саласындағы қолданбалы зерттеулер мен инновацияларды енгізудің негізгі алаңы ретінде пайдалану.
Экологиялық жауапкершілік және суды ұтымды пайдалану	Кампус аумағында «жасыл» су пайдалану тәжірибелерін дамыту – су сапасын тұрақты бақылау, сүмен жабдықтау мен канализацияның ұтымды жүйелерін енгізу, сондай-ақ су инфрақұрылымын жетілдіруге студенттер мен қызметкерлердің қатысуын қамтамасыз ету.

	Университеттің су ресурстарын басқару жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде «Water Green Campus» бағдарламасын қолдау және жүзеге асыру.
Ғылыми және жобалық қызмет	Университет ғылыми-техникалық дамудың басым бағыттары бойынша гранттық қаржыландыру алады. Ғылыми жоба: BR21881921 – «Индустриялық даму және жаһандық үдерістер жағдайындағы Ертіс өзені алабының су экожүйесін бағалау». Су ресурстарын кешенді пайдалану және қорғау саласында Тынық мұхиты техникалық университетімен ғылыми ынтымақтастық жүзеге асырылады.
Ағарту, мәдениет және коммуникация	Университет су ресурстарын қорғауға, оларды ұтымды пайдалануға және су ортасының ластануын болдырмауға бағытталған білім беру бағдарламалары мен ғылыми зерттеулер жүргізеді. Студенттер мен қызметкерлер су ресурстарын тұрақты басқаруға ықпал ететін ғылыми-тәжірибелік жобаларға, экологиялық еріктілік бастамаларына және халықаралық іс-шараларға белсенді түрде қатысады.





2.1 Ұсынылатын шаралар

1) Университеттің су инфрақұрылымын жаңғырту

— экологиялық аудит жүргізу, сумен жабдықтау және канализация жүйелерін жаңарту, суды қайта пайдалану мен тазарту технологияларын енгізу.

2) «Water Green Campus» бағдарламасы

— су үнемдеуге бағытталған шешімдерді енгізу: аэрациялық бастиектер орнату, суды тұтынуды автоматтандырылған есепке алу жүйесін енгізу, су сапасын бақылау және ресурстарды қайта пайдалану.

3) Ғылыми зерттеулер мен зертханаларды дамыту

— суды басқару және суды пайдалану саласындағы технологиялар құзыреті және трансферті орталығының қызметін нығайту, су экожүйелерін тазарту, мониторингтеу және қалпына келтіру бойынша қолданбалы зерттеулер жүргізу.

4) Білім беру құрамдас бөлігін нығайту

— оқу бағдарламаларына гидроэкология, тұрақты су пайдалану және «жасыл» технологиялар бойынша пәндерді енгізу; өңірдегі су шаруашылығы нысандарында оқу тәжірибелерін өткізу.

5) Серіктестік және инновациялар

— мемлекеттік және халықаралық құрылымдармен ынтымақтастық орнату, су технологиялары саласындағы стартаптар мен студенттік жобаларды қолдау.

6) Ағарту және экологиялық мәдениет

— су ресурстарын қорғауға бағытталған дәрістер, акциялар мен ақпараттық кампаниялар ұйымдастыру, студенттер арасында суға жауапты көзқарас мәдениетін қалыптастыру.


7) Мониторинг және есептілік

— ШҚТУ -ның БҰҰ-ның №14 Тұрақты даму мақсатына қосқан үлесі бойынша жыл сайынғы есепті дайындау, атқарылған іс-шаралардың тиімділігін талдау, саясатты жетілдіру және нәтижелерді жариялау.

3. КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР



Университеттің THE Impact Rankings халықаралық рейтингіндегі №14 Тұрақты даму мақсаты – «Тұрақты даму мүддесіне орай мұхит, теңіз және теңіз ресурстарын сақтау және оларды ұтымды пайдалану» көрсеткіші бойынша позициясын нығайту.



Суды тазарту және оны ұтымды пайдалану саласындағы зерттеулердің, жобалардың және технологиялардың санын арттыру.



Су тұтынуды азайту, су үнемдеуге бағытталған жүйелерді енгізу және экологиялық инфрақұрылымды жақсарту.

4. ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті тұрақты даму қағидаттарын және №14 Тұрақты даму мақсаты – «Теңіз экожүйелерін сақтау» бағытындағы міндеттемелерін ұстанатынын растайды.

Осы Саясат су ресурстарын басқарудың тиімділігін арттыруға, университеттің ғылыми-білім беру әлеуетін дамытуға және табиғи ресурстарды пайдалануда экологиялық жауапкершілік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

Саясаттың ережелерін іске асыру ШҚТУ-ның құрылымдық бөлімшелері, студенттері мен серіктестері арасында су экожүйелерін қорғау және суды ұтымды пайдалану саласында жүйелі өзара әрекеттесуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ университеттің экологиялық және инновациялық бастамалар бойынша өңірлік жетекші орталық ретіндегі рөлін нығайтады.